

Жетісу университеті

JETISY OBLYSTYQ QOǴAMDYQ-SAIASI JASTAR GAZETI
ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОЛОДЕЖНАЯ ГАЗЕТА ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ

ИТАЛИЯНЫҢ ЖЕТЕКШІ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ АШЫЛДЫ



І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің базасында Италияның Марке политехникалық университетінің (Marche Polytechnic University) филиалы ашылды. Бұл маңызды бастама Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елімізде шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу жөніндегі тапсырмасы аясында жүзеге асырылып отыр.

Салтанатты ашылу рәсіміне Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев, ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Италияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Антонелло Де Риу, Жетісу университетінің Басқарма төрағасы – Ректор Ермек Бөрібаев, ғалымдар мен қоғам қайраткерлері, оқу ордасының профессор-оқытушылары қатысты.

Іс-шарада Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек сөз сөйлеп, филиалдың ашылуы екі елдің жоғары оқу орындарының тарихында ерекше орын алатынын айтты.

«Жетісу облысында бүгінгі таңда «Агрономия» және «Ауыл шаруашылығы ғылымдары мен технологиялары» бағыттары бойынша қос дипломдық бағдарламалар жүзеге асырылып жатыр. Қазіргі таңда жылыжай кешендеріне білікті агрономдар мен цифрлық технологияларды меңгерген мамандар аса қажет. Осы тұрғыда іске қосылған филиал сол



қажеттілікті өтеуге жасалған нақты қадам», – деді министр.

Жетісу облысы аграрлық өңір болғандықтан, филиалда ауыл шаруашылығы, тағам инженериясы, туризм, экономика және цифрлық технологиялар бойынша білім беру бағдарламалары іске қосылады. Аталған филиал алдағы

уақытта Жетісу облысын кәсіби кадрлармен қамтамасыз етуге мол мүмкіндік береді.

Шара барысында облыс басшысы Бейбіт Исабаев:

«Жетісу өңірі – аграрлы аймақ. Сондықтан бізге ауыл шаруашылығына жаңа инновациялар мен озық технологияларды енгізетін білікті мамандар қажет. Осы мақсатта облыс әкімдігі алғашқы

кезеңде 14 студентке арнайы грант бөлді. Марке политехникалық университетінің басшылығы мен ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне осы маңызды жобаны қолдағандары үшін шынайы ризашылығымды білдіремін», – деді.

Өз кезегінде Италияның Қазақстандағы Елшісі Антонелло Де Риу бұл жобаның Қазақстан мен Италия арасындағы ғылым мен жоғары білім саласындағы ынтымақтастығын жаңа деңгейге көтеріп, тың серпін беретінін атап өтті.

«Жетісу университетімен әріптестік орнату – Италияның халықаралық стратегиясының маңызды бөлігі. Біз білім беру мен ғылыми зерттеу саласында бірлескен жобаларды іске асырып, тәжірибе алмасу арқылы екі университеттің де әлеуетін арттырамыз. Бұл филиалдың ашылуы – тек жаңа мүмкіндіктердің бастауы ғана емес, Қазақстан мен Италия арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтудың нақты қадамы», – деді елші.

Айта кетейік, филиалда академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Марке политехникалық университетінің ғалымдары мен профессорлары дәріс береді. Сондай-ақ мұнда білім алатын студенттер бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуге, халықаралық тәжірибе алмасу мүмкіндігіне ие болады. Оқуын сәтті аяқтаған түлектерге екі жоғары оқу орнының дипломы беріледі.



Ғылым және жоғары білім министрі келді

2 бет



ҰАТТЫҚ БОЛМЫСЫМЫЗДЫ
АЙҒАҚТАЙТЫН ҚҰНДЫЛЫҚ

4 бет



Speed
Breeding

7 бет



Жас маман - 2025

8 бет

Жетісу университеті Қазақстанның көпсалалы жоғары оқу орындары арасында үздік үштікте!

Білім беруде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттігі (IQAA – Ranking) жүргізген Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингі – 2025 қорытындысы бойынша «І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КеАҚ әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен қатар

Қазақстанның көпсалалы жоғары оқу орындары арасында ТОП-3-ке енді.

2025 жылғы институционалдық рейтингке республиканың 30 жоғары оқу орны қатысты. Студенттер, жұмыс берушілер мен түлектер университеттің қызметіне, оның ішінде білім сапасына жоғары баға берді.



**IQAA
RANKING**

Национальный рейтинг ведущих многопрофильных вузов Казахстана - 2025. Итого

Место	Наименование вуза	Итого, %
1	Казахский национальный университет имени аль-Фараби	78.74
2	Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова	47.67
3	Жетісу университеті и.и. Жансүгірова	47.47
4	Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова	46.61
5	Международный университет Астана	38.94
	Таразский университет имени М.Х. Дулати	38.94
7	Инновационный Евразийский университет	34.20

МЕРЕКЕЛІК МЕДАЛЬМЕН НАГРАДТАЛДЫ



І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Әлеуметтік жұмыс және жастар саясаты жөніндегі проректоры Болат Сериев пен Гуманитарлық факультеттің қауымдастырылған профессоры Назгүл Байбабтова «Қазақстан халқы Ассамблеясына 30 жыл» мерекелік медалімен наградталды.

Мерекелік медальді Басқарма төрағасы – Ректор Ермек Берібаев саптанатты түрде табыстады.

«Бұл марапат – Сіздердің ғылым мен



жоғары білім беру саласындағы адал еңбектеріңізге деген зор құрметтің белгісі. Бұл сіздерді жігітсіздіңіз, сарқылмас шабыт сыйлайды деп сенемін», - деді ректор. Аталған мерекелік медаль Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 8 сәуірдегі Жарлығы негізінде табыстап отыр.

Награда иелерін шын жүректен құттықтай отырып, ғылым жолында сарқылмас ізденіс пен зор табыс тілейміз!

ЖОБА АЯСЫНДА СЕМИНАР ӨТТІ

Құзыреттілік және қосымша білім беру орталығы Экономика және сервис кафедрасымен бірлесіп «Қаржылық сауаттылық: құралдар, тәуекелдер және жеке жоспарлау» тақырыбында семинар өткізді. Семинар университеттің (55+) оқытушылары арасында қаржылық мәдениет деңгейін арттыру мақсатында «Асыл қазына университеті» жобасын іске асыру аясында ұйымдастырылды.

Семинарға әр факультеттен 18 оқытушы қатысты.

Семинар барысында қаржылық қауіпсіздік негіздері және қаржылық

аялықтықтан қорғау, жеке және отбасылық бюджетті басқару, қазіргі экономика жағдайында жинақтау және инвестициялау тәпкірлері, несиелеу: оң және теріс жақтары, цифрлық қаржы құралдары: тәуекелдер және бақылау мәселелері айтылды.

Семинарды экономика және сервис кафедрасының оқытушы-дәріскері, экономика ғылымдарының кандидаты Мейрамбала Сейсекенова өткізді. Семинар барысында тыңдаушылар өте белсенді қатысып, тақырыпты жан-жақты талқылады.

ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРІ ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетіне жұмыс сапарымен келді. Министрді университеттің Басқарма төрағасы – Ректор Ермек Берібаев қарсы алып, оқу ордасындағы қабылдау комиссиясының жұмысымен таныстырды.

Ведомство басшысы әр факультет бойынша құжат қабылдаушы мамандармен жеке-жеке тілдесті.

Дене шынықтыру және өнер факультеті бойынша талапкерлердің құжатын қабылдаушы жауапты маман Марал Жұмбаева министрге қабылдау комиссиясының жұмысы туралы жан-жақты мәлімет берді. Ол құжаттарды тіркеу мен өңдеу барысында қолданылатын электрондық жүйе бойынша қапай жұмыс жүргізіліп жатқанын көрсетті.

Сондай-ақ, министр университет ауласын аралап, талапкерлер мен ата-аналарға жасалған жағдаймен танысты. Ол университет аумағына арнайы тігілген шатырларды, қосымша қойылған орындықтар мен ауыз су қондырғыларын көрді.

Саясат Нұрбек жоғары білім алуға ниетті талапкерлер санының жылдан-жылға артып келе жатқанын ерекше атап өтіп, жоғары оқу орындарының инфрақұрылымын да-

мыту мен студенттерге қолайлы орта қалыптастыру – ел дамуының басты алғышарттарының бірі екенін айтты.

Жетісу университетінде талапкерлерге қызмет көрсету жұмысы талапқа сай ұйымдастырылған. Қабылдау комиссиясының құрамында 30 техникалық қызметкер жұмыс істеуде. Олар талапкерлердің құжаттарын қабылдап, кеңес беру және техникалық қолдау қызметтерін үздіксіз көрсетіп отыр.

Құжат қабылдау жұмыстары күнделікті сағат 8.00-ден 19.00-ге дейін жүргізіледі. Қызметкерлер жұмыс кестесіне сәйкес, өтініш білдірген барлық талапкерлерді қамтып, құжаттарын уақытылы қабылдауда.

Құжат қабылдауда электронды кезек жүйесі енгізілген. Талапкерлер арнайы талон арқылы өз кезектерін алдын ала белгілеп, құжаттарын тапсырып жатыр. Бұл үздіксіз қарбаласты болдырмауға, талапкерлердің уақытын үнемдеуге және қызмет сапасын арттыруға бағытталған тиімді шешім.

Министр құжат қабылдау жұмысының ашық әрі тиімді ұйымдастырылуы бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын берді.



НАТАЛЬЯ БОРСЕНКО АТЫНДАҒЫ БІЛІМ ГРАНТЫ БЕРІЛДІ

Білім гранты – байқау негізінде, оқу үлгерімі үздік, шығармашылық қабілеті жоғары әрі қоғамдық өмірге белсенді араласатын талапкерге беріледі.

Жуырда ҚР Құрметті журналисі, Тапдықорған қаласының Құрметті азаматы, облыстық «Жетісу» телеарнасының негізін қалаушылардың бірі Наталья Борсенконы еске алуға арналған кеш өтті. Іс-шара барысында марқұмның ұлы Максим Ножанко І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің болашақ бір студентіне Наталья Борсенко атындағы арнайы білім грантын табыстайтынын мәлімдеді. Ол грант сертификатын университеттің Басқарма мүшесі, әлеуметтік жұмыс және жастар саясаты жөніндегі проректоры Болат Сериевке тапсырып, бұл грантты «Журналистика» мамандығын тандаған талантты талапкерге беруді өтінді. Өз өзінде Болат Сериев Наталья Борсенконың Жетісу университетінің мақтан тұтар түлегі екенін атап өтті. Сондай-ақ, оның журналистика саласына сіңірген еңбегіне тоқталып, еске алу кешін ұйымдастырушыларға және марқұмның ұлына алғыс білдірді.



Бетті дайындаған Әйгерім ИЕБЕКОВА.

"Ел болам десең, әйелдің халін түзе!"



Кітап – құндылық. Оны оқуды әдетке айналдырған жанның ұтары көп. Олай болса, құндылыққа жақын болып оған сүйіспеншілік танытып, кітапты тұрақты серік еткенім қай кітаптан бастау алғаны туралы сыр шертетін уақыт та келді. Соңғы кездері елімізде қылыми-көпшілік қолынан балалардың өлуі, балиғатқа толмаған жас қыздардың зорлыққа ұшырап, айуандықпен өмірі қиылуы күллі қоғамды дүрліктерді. Өлім мен білім, техника дамыған ХХІ ғасырда мұндай жантүршігерлік қымыстың орын алуы сөзсіз ашыңдырып, қоғамдағы әлеуметтік жағдай мен адамгершілік, ізгілік қасиеттердің ахуалы жөнінде ойларға жетелейді. Мұндай сорақылықтың түбі қайдан шығады? Өткен тарихқа оралсақ, қазақ әдебиет арқылы теңсіздікті, қорлықты бастан кешкен әйел бейнесін көре аламыз. Жуырда Мұхтар Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесін оқып шықтым. Әңгімесінің көлемі шағын болғанымен көтеретін жұп ауыр, ауқымды кең. Оқырманның жүрегі қарып, көкірегі қарс айыратын қазақ ауылындағы трагедияны баяндайтын шығарма. Шығармада жұпыны үйдегі тағдыр тауқыметін арқаалаған соқыр әйел, көрі еже, жас қыздың бейнесі арқылы байырғы қазақ ауылындағы кедейлер өмірін көрсетеді. Оқиға барысында жас қызды әзірлеп, зорлық көрсеткен Ақан секілді қатыгез, жауыз болыстың айуандық бет-пердесі ашылады. Қорлыққа жаны тазбеген Ғазизаның әкесінің моласына барып, боранға ұрынып, үсіп өлуінің себебін жазушы шебер суреттейді.

Осы жерде заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің «Қай уақытта қай халықта болсаң, білім жолында жұрт қатарына жетерлік халық болу жолында ең керекті шарт – ақ жүректі елді ерлер. Халықты ілгерілететін дөңгелек солар. Оларсыз мақсатқа жақындау мүмкін емес. Бұлай болғанда алғашқы сөзімді қайта айтамыз. Адам баласы тағы болып, еркегі хайуандық дәрежесінде жүргенде әйелден бала туып, ол балалардың бәрі де жастық, қорғансыздықтан анасының айналасына үйіріліп үй ішін бірлігі, одан туысқандық ұйымын кіргізген. Бұған қарағанда адамды хайуандықтан адамшылыққа кіргізген – әйел. Адам баласының адамшылық жолындағы таппақ тарақияты әйел халіне жалғасады. Сол себепті, әйелдің басындағы сасық тұман айықпай халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды. Ал қазақ мешел болып қалам демесең, тағлымыңды, бөсігіңді түзе! Оны түзейім десең, әйелдің халін түзе!» деген сөзі оралады.

Исатай АБЫЛХАЙЫР,
ЖҚ-111 тобының студенті.

Қайғы мен әділетсіздік көрінісі

Соңғы оқыған шығарма – Мұхтар Әуезовтің «Қорғансыздың күні» атты әңгімесі. Бұл шығарма – қоғамдағы әділетсіздік пен әлсіздердің бейнесін ашып көрсететін терең мағыналы туынды. Жазушы бейкүнә жандардың өмірін баяндау арқылы қазақ даласында орын алған әділетсіздікті ашып көрсетеді.

Әңгімеде басты кейіпкер – Ғазиза есімді жас қыздың қайғылы тағдыры баяндалады. Ол кішкентайынан қиыншылыққа толы өмір сүріп, жас кезінде жетім қалады. Ғазиза ауру анасы мен соқыр әжесіне қамқор болып, олардың тағдырына араша болуға тырысады. Еңбеккер, мейрімді қыздың жапғыз арманы – отбасымен тыныш өмір сүру. Бірақ, жас қыз әділетсіздік пен адамның қолымен істелген жауыздықтың құрбаны болады.

Жазушы Ғазизаның тағдыры арқылы


сол заманның қараңғы тұстарын көрмәт бейнелейді. Оның анасы мен әжесі де өмірдің қатал сынақтарына шыдап келе жатқан әлсіз жандар. Анасы Қапиман – ауруынан әлсіреген, бірақ баласы үшін күресуге дайын ана болса, әжесі Әбдіраштың Күншігі – соқыр, қартайған, бір ғана Ғазизаға үміт артып отырған бейбақ жандар.

Мұхтар Әуезовтің бұл шығармасы әлі күнге дейін өзекті. Себебі, Ғазизаның тағдыры қазіргі қоғамдағы әйел затына деген зорлық-зомбылық мәселелерімен үндесіп жатыр. Мұндай әділетсіздіктің дамыған ХХІ ғасырда әлі де орын алуы қатты қынжылтады. Бұл адамгершілікке, әлсіздерді қорғауға және әділетті қоғам құруға шақыраатын шығарма деп айтар едім. Бұл шығарма маған үлкен есер қалдырды және қазіргі

қоғамдағы әлеуметтік мәселелер жайлы ойлануға мәжбүр етті. Мұхтар Әуезов бұл шығармасы арқылы табиғаттың қаталдығы мен адамның тасжүректігін қатар суреттей отырып, адамгершілік құндылықтарын ұмытпауды үндейді. Әсіресе, боранды түн – олардың өміріндегі ауыртпалықты одан әрі күшейтіп тұрғандай әсер қалдырады.

«Қорғансыздың күні» – тек оқиға желісі ой саларлық туынды емес, ол адамзатты мейірімділікке, әділеттілікке және әлсіздерді қорғауға үндейтін терең мағыналы шығарма. Бұл әңгімені оқып, мен адам болып туылып қана қоймай, адам болып қалудың мәнін тағы бір рет түсіндім.

Гүлжанат СҮЛЕЙМЕН,
ЖҚ-111 тобының студенті.



Қоғамдық теңсіздік пен дәстүрдің құрбаны

Міржақып Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романын оқып шықтым. Бұл шығарма қазақ прозасының алғашқы туындыларының бірі ретінде әлеуметтік теңсіздік, әйелдердің теңсіздігі және махаббат трагедиясын терең суреттейді. Роман сол кезеңдегі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін баяндайды. Роман желісіне тоқталсам, Жамал есімді жас қыздың өмірі мен махаббат трагедиясын баяндайды. Романдағы басты кейіпкер Жамал – қазақ әдебиетіндегі алғашқы әйел образдарының бірі екен. Ол – көрікті, ақылды, сауатты, өз тағдырын өзі шешкісі келген батыл қыз. Ол Ғали есімді жігітті сүйіп, онымен бақытты болуды армандайды. Алайда қоғамдағы дәстүрлі көзқарастар мен ескілік салттар Жамалдың сүйегімен бірге болуына кедергі болады. Жамалдың ата-анасы байлыққа құнығып, қыздарын өз сүйегіне емес байдың сауатсыз, білімі жоқ ұлына үйлендірмек болады, бірақ қыз өз тағдырын өзі шешіп Ғали мен бірге шалғайдағы туыстарының үйіне барып шаңырақ көтереді. Екеуі бас қосып, бақытты тірлік көшіп жатқанда, аяқ асты Ғали ауырып, дүниө салады. Сүйегінен айырылған Жамал қайтадан төркініне қайтады, өзі сүйегінен айырылған Жамал ды қыспаққа алып, жығылған ға жұдырық болып оны сол байдың баласы Жұманға қосады, ауыр тіршілік көшкен Жамал қыс ішінде үйінен қашып шығып, Ғалидың бәйбішесі басына барады. Тағдырына напа болған қыз сүйегінің бейітінің басында жылап жатып көз жұмады.

Шығармада қазақ қоғамындағы ескі салт-дәстүрлердің адамдардың жеке өміріне кері әсері айқын бейнеленген. Жамалдың тағдыры ата-анасының байлыққа құмарлығы мен қоғамдағы әлеуметтік шектүүлердің құрбанына айналады. Қазақ қоғамында қыз баланың құқығы тек ата-анасының шешімімен шектелген. Автор бұл арқылы әйелдердің теңсіздігін және еркін таңдау мүмкіндігінің жоқтығын сынаға алады.

Романның әлеуметтік мәні зор. Жазушы бұл шығармасы арқылы қоғамдағы байлар мен кедейлер арасындағы алшақтықты, ескі дәстүрлердің адам тағдырына тигізетін кері әсерін және әйелдер құқығының шектүүлiгін көрсетті. Романдағы әрбір оқиға қазақ халқының сол кезеңдегі өмірін шынайы әрі терең суреттейді.

Міржақып Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романы – қазақ әдебиетінің ғана емес, бүкіл ұлттық мәдениеттің тарихындағы ерекше құбылыс. Бұл шығарма қазақ қоғамындағы терең әлеуметтік қайшылықтарды көрсетумен қатар, әйелдердің еркіндікке деген ұмтылысын бейнелейді. Жамалдың өмірі мен махаббат трагедиясы арқылы автор сол дәуірдегі қазақ әйелінің құқығы жоқ, қоғамның ескі заңдарына бағынышты болғанын айқын көрсетті.

Романның ең басты құндылығы – оның шынайылығы мен өзектілігі. Сол кездегі қазақ халқының тұрмысы, салт-дәстүрі, моральдік құндылықтары барынша ашық әрі сындарлы талдана. Әсіресе, әйелдер тағдырына назар аудару – бұл шығарманың негізгі ерекшелігі. Жамалдың бақытсыз өмірі арқылы автор қазақ қыздарының білімге, еркіндікке, махаббатқа деген құқығын қорғауға үн қосты.

Сонымен қатар, роман тек бір адамның тағдырымен шектелмей, тұтас қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді көтерді. Байлыққа құныққан адамдардың әділетсіздігі, ата-ананың балалар өміріне қысым жасауы және дәстүрдің кейбір кері тұстары – бүгінгі күнге де сабақ болатын маңызды мәселелер. Роман оқырманды махаббаттың мәні, қоғамның адам өміріне әсері және әділеттілік туралы терең оқға жетелейді.

Бүгінгі заманда «Бақытсыз Жамал» шығармасы өз маңызын жоғалтқан жоқ. Әлі күнге дейін махаббат пен еркіндік үшін күрес, әлеуметтік теңсіздік секілді мәселелер тек қазақ қоғамында емес, адамзаттық мәселеге айналып отыр. Бұл роман тек қазақ әдебиетінің дамуындағы алғашқы реалистік туынды ғана емес, адам құқықтары мен моральдік құндылықтарды қорғайтын маңызды еңбектердің бірі дәуге болады.

Айдана АРДАҚЫЗЫ,
ЖҚ-111 тобының студенті.



Міржақып
ДУЛАТОВ

Бақытсыз Жамал

ҰЛТТЫҢ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСЫН АЙҒАҚТАЙТЫН ҚҰНДЫЛЫҚ

Ел тәуелсіздігін алғанына отыз төрт жыл болса да мемлекеттік тілімізді тиісті тұғырына қондыра алмай келеміз. Қоғамда тіл мәселесі әлі күнге дейін шешімін тапқан жоқ.

Ресми мәліметтерге сүйенсек Қазақстандағы қазақтар саны – 14 220 321 адам яғни 70,7 пайызды құрап отыр. Осыған сәйкес қазақ тілінде сөйлейтін, қазақ тілінде ақпарат алатындардың саны да күн санап артуда. Яғни, қазақ тілінің көсегесін көгерту өз қолымызда деген сөз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік тілдің мәселесін жиі көтерді. Президент 2019 жылғы алғашқы жолдауында «Қазақ тілі ұлтаралық қатынас тілі болатын кезең келіп жетті» деген сөз айтты. Ал 2021 жылы «Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де – тілінде» деген анықтама келтірді. Сондай-ақ президент қазақ тілін ғылым, техника тіліне айналдыру мәселесін көтерді.

Мәселен жастар көп қолданатын жасанды интеллект қазақ тіліндегі ақпараттарды іздеу, өңдеу, табу жөнінен нәтижесіз емес. Қазақша сөйлейтін ChatGPT, Yandex, Google қосымшаларының дамып жатқанын қауғады. Алайда, халық арасында тіл дауы толастар емес. Мені толғандыратыны – қалалық



жерлерде және қоғамда мемлекеттік тілдің қолданылуы шектеулі. Мәселен Алматы мен Астанада сияқты ірі мегаполистерде, ірі мекемелер мен қоғамдық орындарда қазақ тіліне сұраныс жоқ. Бұл мемлекеттік тілдің қоғамдағы толыққанды қолданысына кедергі келтіреді. Қазақ тілі көптеген салаларда қолданылмайды, әсіресе ірі компаниялар

мен мемлекеттік құрылымдарда.

Бұл мақаламда соңғы уақытта Алматыда орын алған курьер дауы яғни «Магнум» дүкендер желісіне байкот жариялау мәселесіне тоқталғым келеді.

Магнумға байкот жариялау Алматы қаласындағы курьерлердің қазақ тілінде қызмет көрсетуге қатысты наразылықтары

әлеуметтік желілерде үлкен дау тудырды. Магнум дүкендерінің тек орыс тілінде қызмет көрсетуі қоғамда үлкен қарсылыққа ұшырап, оған байкот жариялауға шақырған адамдардың саны артты. Бұл оқиға қазақ тілінің қоғамдық өмірде қолданылуын ескеру қажеттілігін тағы бір мәрте көрсетті. Мемлекеттік тіл мемлекеттік және коммерциялық ұйымдарда міндетті түрде қолданылуы керек. Қазақ тілін қолдануды трендке айналдыру, жастар арасында тілге деген құрметті арттыру керек.

Бұл ретте әрбір компанияның қазақ тілін қолдау бойынша нақты шаралар қабылдауы қажет. Қазақ тілінің қоғамдағы мәртебесін арттыру үшін нақты қадамдар мен белсенді әрекеттер қажет. Алматыдағы курьер дауы мен Магнумға байкот жариялау сияқты жағдайлар мемлекеттік тілдің қолданыс аясының тарлығын көрсетеді.

Қазақ тілінің дамуы – тек тіл мәселесі емес, ұлттың болашағы. Тілдің мәртебесін көтеру арқылы біз ұлттық бірегейлігімізді сақтап қаламыз.

Жанәлі БЕКИШЕВА,
студент

Жануарларға қамқорлық керек

Адамзаттан мейірім қашса, жер бетінен жақсылық қашады» деген сөз бар. Бұл – данышпан халқымыздың ақыл тәжірибесінен түйгені.

Өкінішке қарай жануарларды жәбірлеу оқиғалары соңғы кездері жиі тіркеле бастады. Біз ХХІ ғасырда өмір сүріп жатырмыз. Ғылым дамыды, техника алға басты, адамзат ғарышты бағындырды. Бірақ адам баласы бір қарапайым шындықты әлі де толық мойындай алмай келеді: жануарлар – тіршілік иесі, сөзімі бар жан иесі. Олар да ауырады, қуанады, қорқады, бірақ олар сөйлей алмайды. Сондықтан олардың жан даусын есту – біздің, адамдардың, адамгершілік міндеті.

Жан-жануарларға қамқорлық таныту – қоғамдық мәселе болуы керек. Көшедегі қаңғыбас пен мысықты тепкен адам – ертең өлсіздерге де солай қатыгездік танытуы мүмкін. Бұл – психологтар мен криминологтардың да дәлелдеген қандаты. Жануарға қол көтерген жаннан адамгершілік күту – бекершілік. Қазақ халқы да ежелден бері «Ит – адамның досы» деп, итке жоғары баға берген, тіпті құмай тазыны өздерінің жеті қазынасына да қосқан.

Соңғы жылдары Қазақстанда жануарлар құқығына қатысты оң өзгерістер байқалып келеді. 2021 жылы қабылданған «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заң – осы бағыттағы маңызды қадам болды. Бұл заң жануарға зәбір көрсеткендерге әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік жүктейді. Сонымен қатар, үй жануарларын асырау, қараусыз қалдырмау, тіркесу сынды міндеттер де нақты жазылған.

Алайда басты мәселе – қоғамның көзқарасында. Көп жағдайда жануарға немісқарайлы қараймыз. Мұндай түсінік түбегейлі өзгеруі керек. Біз баланы кішкентайынан жануарды жақсы көруге, қорғауға үйретуіміз қажет. Бұл – оның жүрегіне мейірім ұялатады, болашақта жауапты азамат болып өсуіне ықпал етеді.

Қоғамда жануарларға арналған панажайлар, волонтерлік ұйымдар көбейіп келе жатқаны қуантады. Алматы, Астана, Шымкент сияқты ірі қалаларда қаңғыбас жануарларды асырап алу, вакцинациялау, зарарсыздандыру жұмыстары белсенді жүреді. Бірақ бұл бастамаларды қолдайтын, түсінетін халықтың үлесі әлі де аз.

Жануарларға жасалатын мейірім – бұл тек табиғатты қорғау ғана емес, адамның ішкі мәдениетінің көрінісі. Адам баласының ұлылығы – тек технологиямен емес, өлсізге деген жанашырлығымен өлшенеді.

Ендеше, мейірімділікті өзімізден бастайық...



Аяжан ӘНЕТ,
студент

ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОННЫҢ ТҮТҚЫНЫ БОЛУДАН САҚТАНАЙЫҚ!

Бүгінгі таңда ұялы телефо әр адамның күнделікті серігіне айналған. Ол арқылы ақпарат алып, хабарласып, суретке түсіп қана қоймай, оқып, жұмыс істеп, тіпті демалуға да болады. Алайда бұл құрылғы біздің уақытымызды алып жатыр. Осы сұраққа жауап іздеп, Жетісу университетінің студенттерімен шағын сұхбат жүргіздік.

Амет Аяжан, Жетісу университетінің 2 курс студенті:

— Мен үшін ұялы телефон пайдалы құрал. Себебі күнделікті сабаққа дайындалу, презентация жасау, оқу материалдарын іздеу барысында көп көмек береді. Бірақ кейде әлеуметтік желілерге кіріп кетіп, уақытымның қалай өтіп кеткенін байқамай қаламын. Сондықтан оны дұрыс қолдану маңызды деп ойлаймын.

Даулетбаев Азамат, Жетісу университетінің 2-курс студенті:

— Ұялы телефон қазіргі заман талабы. Әсіресе, Zoom арқылы онлайн сабақтарға қатысу, топпен байланыс орнату үшін керек. Бірақ мен кейде телефонсыз бір күн өткізіп көруге тырысамын. Сонда уақытты тиімдірек қолданатынымды байқаймын. Меніңше, теле-

фон көмекші, бірақ шектен тыс қолданса, ол адамның уақытын ұрлауымен қоса денсаулығына да зиян.

Ұялы телефон туралы пікірлер өртүрлі болғанымен бастысы оны тиімді пайдалану.

Кейбір студенттер телефонды тек сабақ оқу мен пайдалы ақпарат алу үшін қолдануға тырысса, енді бірі оны бос уақыт өткізуге жұмсайды. Демек, бұл құрылғыны қалай қолданатынымыз өзімізге байланысты. Ол

бір мезетте әрі көмекші, әрі көп пайдаланса зиянды тұстары да басым.

Қарап отырсақ ұялы телефонның пайдасы мен қатар зияны да бар екені. Оның қайсысы басым болатыны біздің қолдануымызға байланысты. Израиль елінің Реховот қаласында орналасқан Вайман медициналық ғылыми-зерттеу институтының профессоры, қатерлі ісік дертін емдеудің танымал маманы Рони Сегер мырза ұялы телефонның әр кез қолданған тұста белінетін электромагнитті өріс бар-тылық тіршілік иелеріне, соның ішінде адам ағзасына аса үлкен зиян тигізетінін дәлелдеп шықты. Бұдан бұрын да финляндиялық ғалымдар ұялы телефоннан белінетін радиоактивті сәулге адамның жұлын-жүйке жүйесі мен мидағы қан тамырларына кері әсер ететіні жайлы мәлімдеген еді. Иелішала шведиялық мамандар да ұялы телефонды үздіксіз 10 жыл қолданған адамның есту қабілеті өдеттегі тұлғалармен салыстырғанда 39 пайыз нашарлағанын байқаған.

Қарап отырсақ, ұялы телефонды шектен тыс қолдану адам денсаулығына елеулі зиян келтіруі мүмкін екен. Ұялы телефонның тұтқыны болудан сақтанайық, құрметті жастар!

Аяулым ХАМИТ,
студент.



•Тақырыпқа түздық
Телефон туралы қызықты 7 дерек
Әлем бойынша смартфон саны адам
санынан көп екенін білесіз бе? Оқырман
назарына осы жаһап техникаға қатысты
қызықты деректер ұсынамыз.

— 1 —

Ұялы телефонмен алғаш рет қоңырау
шалған адамның есімі - Мартин Купер. Ең
қызығы ол өзінің бәсекелестеріне хабарласқан.

— 2 —

Ұялы телефондардың 75 пайызы Қытайда
жасалады. Тарихтағы ең көп сатылған теле-
фон - «кірпіш» аталып кеткен Nokia 1100.

— 3 —

Жапон жастары жуыну бөлмесіне кірерде де
ұялы телефонын тастамайды. Осыған байла-
нысты Жапонияда өндірілетін телефондардың
90 пайызы су өткізбейді.

— 4 —

Ұялы телефонды жоғалтып аламын деп
немесе байланыстан үзілсем деп қорқу номо-
фобия деп аталады. Бұл термин 2010 жылы
қолданушылардың ұялы байланысқа деген
әдеттеріне арналған зерттеуде пайда болды.
Сауалнамаға қатысқандардың жартысына
жуығы ұялы телефонын жоғалтса, қуаты біте
бастаса немесе баланста қаражат жоқ бол-
са, тіпті болмаса байланысқа шықпай тұрса
уайымдайтынын мойындаған.

— 5 —

Әлемде минут сайын 3200 ұялы телефон
өндіріледі. Тағы бір қызықты факт - адамдар
кейіне ұялы телефонды қоңырау шалуға емес,
уақыт өткізу үшін қолданады.

— 6 —

Автокөлік жүргізген кезде телефон
қолданатын адамдар мас күйінде көлік
жүргізетін адамдарға қарағанда жиі апатқа
ұшырайды.

— 7 —

Ұялы телефонды лақтыру - Финляндия,
Бельгия және тағы кейбір елдерде кең
таралған спорт түрі. 2014 жылы өткен кезекті
өлем чемпионатында осы спорт түрінен
өлем рекорды жаңартылған еді. Рекордтық
көрсеткіш 110,42 метрді құрайды.

Дереккөз: bilim-all.kz

Қазіргі заманда ақпараттық тех-
нологиялар қарқынды дамып, адам
өмірінің барлық саласына әсерін
тигізуде. Соның ішінде жастардың
өмірінде әлеуметтік желілердің рөлі
ерекше. Facebook, Instagram, Tik-Tok,

Telegram және басқа да әлеуметтік
платформалар жастар үшін тек бай-
ланыс құралы емес, сонымен қатар
өзін көрсету, жаңалық алу және көңіл
көтеру алаңына айналды. Алайда, осы
желілерге деген шектен тыс тәуелдік
жастар арасында психологиялық,
әлеуметтік және физикалық
мәселелерге әкеліп соғуда. Әлеуметтік
желіге тәуелділіктің себептері көп.

Мысалы кейбір жастар бос уақытын
тиімді өткізе алмай, әлеуметтік
желілерде ұзақ уақыт отырады. Бұл

кей адамдарда қоғаммен байланыстың
жетіспеушілігінен орын алуы мүмкін.
Әлеуметтік ортада қабылданғысы
келетін жасөспірімдер желілер
арқылы танысып, дос табуға ты-
рысады. Өзін көрсету қажеттілігі -
Instagram, TikTok секілді әлеуметтік
желілер жеке өмірімен бөлісу, лайк
пен пікір жинау - өзін-өзі танытудың
бір жолына айналған. Желілер арқылы
жаңалықты, тренді тез біліп отыру жа-
стар үшін маңызды. Тәуелділіктің зиян-
ды тұстары: оқу, жұмыс, жеке даму
сияқты маңызды істер екінші орынға
ысырылады. Басқалармен өзін салы-
стыру, лайк аз жинағаны үшін көңіл-
күйдің түсуі, виртуалды әлемде өзін
шынайы көрсетпеген депрессия мен
уайымның көзі болуы мүмкін. Ұзақ
уақыт экранға қарау көзге, омыртқаға
және жалпы физикалық жағдайға
теріс әсер етеді. Адамдармен бетпе-
бет сөйлесу азайып, шынайы достық
қатынастар өлсірейді. Әлеуметтік
медиа психикалық денсаулыққа
айтарлықтай әсер етеді. оң әсері -
қолдау және әлеуметтік байланыс
мүмкіндігі, бұл әсіресе қашықтағы
параметрлерде маңызды. Дегенмен,
үнемі басқалармен салыстыру,
әлеуметтік желі сүзгісі арқылы өмірді
идеализациялау және маңызды
нәрсені жіберіп алудан қорқу стресс
пен алаңдаушылыққа әкелуі мүмкін.
Әлеуметтік желіге тәуелділік желідегі
өзара әрекеттестіктің тұрақты
қажеттілігіне байланысты нашар
ұйқыға, шаршауға және депрессияға
әкелуі мүмкін екендігін атап өттім.
Теріс әсердің бірі - эмоционалдық
әл-ауқатқа қауіп төндіретін кибер-

буллинг, анонимді шабуылдар және
жағымсыз пікірлер түрінде де болады.
Әлеуметтік медиа әлемінде психикалық
денсаулықты сақтау үшін шекараларды
белгілеу, онлайн және офлайн қарым-
қатынастарды теңестіру және цифрлық
сауаттылықты дамыту маңызды.
Бұл саладағы зерттеулер әлеуметтік
медияның адам денсаулығына ұзақ
мерзімді әсерін жақсырақ түсінуді
жалғастыруда.

Зерттеулерге сәйкес, интернет-
ке тәуелді жасөспірімдер арасын-
да психологиялық ауытқулар мен
депрессияға шалдығу ықтималдығы
бірнеше есе жоғары. Қазақстанда
балалардың 88%-ында смартфон
бар, олардың 28%-ы бос уақытын тек
гаджетте өткізеді. Әлеуметтік желілер
балалардың назарын төмендетіп, шы-
найы қарым-қатынастарды өлсіретеді.
Дамыған елдерде бұл мәселе заңмен
реттелуде - Қытай, Франция, Оңтүстік
Корея кәмілетке толмағандарға тый-
ымдар енгізіп, интернетті шектеу ша-
раларын қабылдаған екен.

Осы орайда биыл мәжіліс депута-
ты, Аманат партиясы фракциясының
мүшесі Жарқынбек Амантайұлы бұл
мәселені төменгі палатаның жалпы оты-
рысында көтеріп, шектеу шараларын
заңнамалық деңгейде қарастыруды
ұсынған болатын.

«Жасөспірімдердің әлеуметтік
желілерді бақылаусыз пайдалануы
олардың болашағына кері әсер етеді.
Сондықтан бұл мәселені заңмен реттеу
қажет», - деген еді депутат.

Ал сіз, халық қалаулысын қолдайсыз
ба?

Арай ҚАБДЕН,
студент.

Ғаламторға тәуелділік – жаңа ғасырдың дерті



Люданың жаты

Жиен сіңімді екеміз қаланың ең шулы аудандарының бірінде орналасқан ескі жатақхананың бір бөлмесін жалдап тұрып жатқанымызға екі жылдай уақыт болған. Карантиннен кейін сіңілімің оқуы басталып Алматы кетті де, іле менде қаланың элиталы ауданына жаңа пәтер тауып көшуге қамдана бастадым. Бір жерде ұзақ уақыт бойы тұрақтай берсең кіріп-шығып жүрген көршілерің де, ауланың ит-мысығына да көділгі ет жақын туысындай бауыр басып қалады екенсің. Көтерімде көңілім көбейіп көршілерімді қимай әрі-сәрі күй кештім. Көршілерімнің ішінде, әсіресе, Люданың орны бөлсе еді.

- Сен расымен көшіп жатсың ба?

- Ай-ай-ай, осындай жақсы көршілердің көшіп кететіні қандай өкінішті, - деп басын қайта-қайта шайқап, заттарымды жинасып күйбөгендеп жүрді.

- Тет Люд, сағынғанда келіп тұрамын ғой...

- Иә сағынасың...ертең-ақ ұмытып кетерсің...

- Олай демейсіңші...

- Егер де пәтер іздесең бірден маған хабарлас, басқаға болмаса да, саған пәтер тауып беруге әзірге жарап тұрмын, өзің де білсең ғой, мен ұлы телефон ұстамаймаймын, мынау менің үйі телефоным, хабарласып тұр, - деген Люда аса бір қамқорлық пейілімен телефон номері жазылған тілдей қағазды қолыма ұстатып жатты.

Люда төзімді көршілерімнің көбісі жалғызбасты кемпірлер еді, біреуі ит, енді бірі мысық асырайды. Сол жануарларды баласындай күтеді, адамша сөйлеседі. Тіпті қу жандарын да сол жануарлардың жолында садақа етуге әзір еді кемпірлер. Алғаш жатақханаға көшіп келгенімде мен өзімді едәуір уақыт қарттар үйінде жүргендей сезініп, үлкендердің қас-қабағын бағып, алабөтен іменіп, төменшіктеп жүретінмін. Оларда мен кіріп-шыққан сайын көздерінің астымен қарап күбір-күбір етіп сөйлеп қалатын. Уақыт өте келе ескі жатақханаңың қорқырай бірсырдығы өміріне, тіпті көріліктің иісі сіңген сұрылғат көп түсті қабырғаларына да бойым үйренісе бастағандай еді. Сенбі, жексенбі күндері кейуаналардың жағдайын білуге бала-шағаларын ертіп ұл-қыздары, туыстары келіп мәре-сәре болысып жататын. Бұл қарт аналардың жей күндерге ұқсай бермейтін ерекше думанды бақытты сәттері еді.

Солардың арасынан тек Люданың ғана соқа басы сопайып жалғыз отыратын да қоятын. Оны ешкім іздеп келмейтін, ол да бірсырдығы өміріне әбден көнтері болып кеткендей, ешкімді елдендеп күтпейтін. Күн жылына болды, тарғыл мысығының жотасын сипап, әлденелерді сөз етіп мысығымен сыбырай сөйлесе, кейде көңілдей күліп, ал кейде күңкілдей ұрсып есіктің алдында отыратын. Тарғыл мысық та пыр-пыр етіп көзін сығырайтып еркелеп, кемпірдің бауырына тығыла түсетін еді.

Күн аптаңып сенбісі болатын шалжиып жатып он екіге дейін ұйықтасам ғой деген тілсіз қабыл болмай, таң аптай сіңімің қорқырауы безілдеп қоя берді. Зілмауыр денемді тесектен әрең көтеріп, еріне басып есікті ашқанымда, қарсы алдымда қарға бойлы Люда тұрды.

- Сәлеметсің бе? Білесең бе? Аниса сендердің үстөніңен дәліздің еденін жумайды деп шағым түсіруде, Аниса өзі сондай көп сөзді, қарға секілді қарқылдап қалған әйел ғой, бір-а-а-ақ мен сендерді Анисаға әбден мақтадым, олар жұмысбасты қыздар ғой қолдары тимей жүрген шығар, - дедім. Дұрыс айттым ба? Рас ғой. Осы кезде Люданың бағанадай көңіл көзіне "мен сендерге болыстың ғой" деген әлде қандай бір мақтаншы сезімі үймелей қалатын. Ол шашын екі шыына сіліп тастап, түбіт шәлісінің өңірін қымтай түсті де сөзін өрімен қарай жалғап екетті.

- Анисаға айттым өзін жас болмап па едің, әлде мемлекетке жұмыс істемеп пе едің, кеңес уақытында 30 жыл бойы қорғасын заводында жұмыс істегенің есіңнен шығып кетті ме? Біреу бетіңе жел болып тиді ме сонда, қайта Ұлы Кеңестер одағы төбесіне көтеріп көуде медаль тағып, басыңа басана беріп, Ялтаға демалуға жіберді емес пе? Эх, біздің дәуір қандай еді ел - деп мақтаншы сезіммен басын көкжәтіп мырс етті Люда.

- Тет Люд, таңғы жетіде оянып, қаланың келесі бетіндеп жұмысыма барып жүрмін түні бойы ұйықтамай тапсырыспен мақапа жазамын. Бүгінгі демалысымда сағат он екіге дейін ұйықтасам деп едім, түстен кейін сөйлессек бола ма, а?

- Иә, өріңе, жарқын, о не дегенің жақсы ұйықтай ғой, кедері келтірмейін ұйықта, брақ өміріңнің жартысы ұйқымен өтіп кетпесің жас адам сергек болу керек, - деп жымиып ете қалды Люда.

Есіктің қоңырауы тағы да безек қағып қоя берді. Бұл жолы есіктен бүкірейіп Анисаның төбесі көрінді.

- Сәлеметсің бе, үйдесің бе? Шаруа былай, - деді келген беттен бірден шаруаға көшкен Анисаға кемпір.

- Мына жердің еденін сүртіп қойыңдар, Людадан шағым түсіп жатыр. Люданы білсең ғой, беймаза әйел. Әрі-беріден соң үшінші қабаттың тазалығына жауап беретін де өзі, үшінші қабаттың әр тұрғыны өз пәтерінің шыға беріс еденін жуып қоюға міндетті, бұл жердің жазылмаған заңы солай, - деді салқын қабақпен сөзін қысқа қайырган Аниса.

Бір демалысымда үйкі бермейтін не деген кемпірлер өз, қайсысының сөзіне сенемін, - деп күңкілдеген қалпы төсегіме қайта кел қуладым.

Ескі қоңырауы қайта безілдегенде уақыттың 12:37 болғанын телефонымдағы сағатқа қарағанда аңғарып, орымнан ұшып тұрдым. Есікті ашқанымда, табалдырықта тағы да көкішіп көзі қапталанып Люда тұрды.

- Білсең бе, сен өткенде ауырып қалдым деп едің ғой, жақсы бал бар. Павлодардың балы. Таза ба. Мына жіпт сатып жүр екен деді, - есіктің артында тұрған сыпыңырау ақ сары жіпті көрсетіп жатып.

- Игорь балыңды екеңе қойшы, жарқын...

- Рақмет, тет Люд, мен жазылып кеттім ғой.

- Иммунитетің көтереді деймің, осындай салқын күндері...

- Рақмет деймің, керек емес. Тәтті жемейші едім.

- Алсаншы енді, нәң кетеді, өткен жолғыдай ауырып қалсаң қайтесің, ақшасын кейін бересің. Игорь өзіміздің жігіт ғой, - деп бір банка балды қолыма ұстата салды.

Люданың сөзінің жаны бар еді, оның үнемі менің көңліме қарап, денсаулығымға алаңдап жүретінін сол оқуғадан кейін жиі байқайтын болдым.

Бірде кезекті журналистік сапармен прозворлық орталықтың дәрігерлерімен сұхбаттасып келгеннен кейін төулік бойы ыстығым түспей, дәм, иіс сезу қабілетімімен айырылып мұрттай ұштым. Ковид-19 індетінің асқынып, өлім-жітімің көбейіп тұрған шағында жедел-жәрдем шақыру басыңды бойыңа тігумен бірдей болған соң дымдымыз шығармай бөлмеде сұлық түсіп жата бердім. Жақандарымды ұйымдастыра үшін өзімнің науқас халім тұрарлы тіс жармауға бекініп, тек әлім әбден қурып, төсектең тұра алмайтын халге жеткенімде, "Роща" ауруханасында медбике болып істейтін туысқан сіңіліме "мен ковид жұқтырған секілдім халім нашар, тез келмесең өліп қалатын сияқтымын" деп дыбыстық хабарлама жібергенім ғана есімде. Ары қарай қалжырап ұйықтап кеттім. Ояңсам жанымда Люда отыр екен. Бетін беттердемен тұшалап алдыты. Мен оны бағанадай көкішіп көзінен таныдым. Оның көз жанары шарасын шырғардай үлкіліп, бір түрлі үрейлі көрінді.

- Мен саған сөрпа әкелдім, ыстықтай ішіп ал ай-ай-ай, сұрың қашып кетіпті ғой өзіңнің, - деп шекіме алақаным қойды.

- От боп күйіп тұрсың ғой, ауырып қалғандың неге маған ертерек айтпағаның, жаңа ғана бір дәрігер қызы келіп ине салып кетті, "есін жиғанда қасында болыңың" деп маған тапсырып кетті, сен өзіңді білсең бе өзі, - деп темір қасықпен аузыма қоймалжың сөрпа құя бастады.

Мен қақалып-шашала бастадым.

- Сөрпа сиыр етінен жасалған іш, әлденің ал, - деген Люда өбектеп жүріп, - ай-ай-ай өзі сондай жап-жас, әрі науқас, - деп көрпеймді қымтай түсті. Мен тостағандағы еті мол сорапаға қарадым да жүрегім кілкіп, құсқым келіп, басымды бұрып әкеттім.

Күн жылына ауыл-үйшік ойнайтын майда қыздар секілді аула алдындағы орындықтарға жиналып шүйірлесіп отыратын әйелдер, кейде шет-шәлкейлері шығып көрілдіреді. Ұрыс-керістерінің ұзын ырасы, Үй комитеті

Люданың қызметіне көңіл толмаушылық, ал оның көмекшісі Аниса барып тұрған антуранның нақ өзі, оның қолынан іс келу былай тұрсын, ешкімге сөзі де өтпейтін бір жүрген бейшара. Солай ма? Солай! - деп дуду еткен әйелдердің арасынан ұзын сирақ Света елден ерек едірең-едірең етіп барып басылды.

- Ал егер сол Аниса мен Люданың жұмысын мына бізге берсе ғой, ох, шіркін-ай! Мына үйдің ауласы жылан жалағандай жалпырап жатар еді, бірақ көрі қарғалар ондай дүрдей қызметтің тізігін бұларға ұстата қоюшы ма еді? Ұстатпайды ғой, солай ма? Солай! - деді ащы суды көп ұрттағаннан көзінің асты көгеріп, астыңғы ерні салпынып кеткен Света темекі тұқылын қоқысқа жаяй шөртіп жіберіп.

Мұны естіген естіген Люда:

- Оттапсың, ұзын сирақ Света! - деп үшінші қабаттың балқонында тұрып саңқ етті бұларға.

- Оттапсың, жәдігөй неме! Сен үй комитеті болсаң, мына жер әлдсқанша тауық қораға айналар еді, әуелі сыра ішкен бөтелкелеріңді қоқыс жәшігіне тастап үйіңе қыстап, - деп айғай салған Жаңағы баж-бұж еткен Светаның бөтелкелестері а дегеннен тым-тырақай тарқасып, сидаңдаған Света жоғарыда тұрған Людаға кіржіе қарап: - Ах Люда, сенің де дәуренің өткір Әмір бойы үй бастығы болып жүре беремін деп тұрсың ба, сенде бір күні ақылшанан алғасарсың, көрі қақпас, - деп мұрнының астынан мінгір ете қалды да, жерде жатқан сыра бөтелкесін көтеріп қоқысқа қарай қисаландып бара жатты. Бұл аулада Людадан берлігі ығатын еді. Үлкен де, кіші де. Солардың ішінде ұзын сирақ Света ғана Люданың бетіне тұрапал келмесе де өзі төзімді бөтелкелестерің басы қосылған жерде айдаңнан жел есіп Люданың сыртынан шықпайтын жамандап, оның жұмысына көңіл толмай, іштей таласып дүрдіраз бол қалатын.

Бірде мен Люданың жазушылық қасиетін байқадым. Анығында оның бұл әдетін кездесіп білдім. Люда өз ойын ақ параққа хат қып түсіргенді жақсы көретін еді. Оның жазғандары не проза, не поэзияға келмейтін, оның жазғандары өлдебір наразылыққа, өлде бір баянша мен екіге назға толы өтініш еді, ал кейде Люданың жазғандары бүгінгі қоғамның көзге көрінбейтін кіріптар көрінетіндей қысқа қиындылары секілді еді. Әсілінде Люда өзінің баяншысын тек бір секілді жаңа дәуірдің жастарына бағыттайтын.

Біздің дәліздің еденін уақытында жумайтынмызды, түфліміміздің өңісін тақылдапты баспалдақтан жиі түсіп мазасын алып, ұйқысын бұзатынымызды, кейде тіпті сәлем бермей өте шығатынымызды, кешкілік музыканы қатты қойып, қатты күлтінімізді, әсіресе, 57 пәтерде тұратын студент жігіттердің темекі тұқылын еденге лақтырып кететіні, ол ол ма, марқұм қуыңы Виталик қайтыс болып кеткеннен кейін жанының жалғыз жұбанышы болған тарғыл мысық Васяның мұртын оттықпен күйдіргендері нағыз шектен шыққан сорақылық әрі варварлық іс-әрекет еді, содан бері байқас Васяның көңіл-күйі күрт түсіп нәуізе мысыққа айналғаны қарт аңаның жүрегіне батқаны сондай, осы күндері Люда валидол дәрісін ішіп, қан қысымын жиі өлшеп жүргеніне шағымданыпты. Замана келбеті өзгеріп, адамның азғаны сонша, қазіргі жастардың үлкендерді сыйламайтын өзімішкі және өркөкірек болып бара жатқанын өлденеше рет атап өтіпті. Ал өзі өмір сүрген кеңестік дәуірде жастар арасында мұндай арысздық ешқашан болмаған болар еді, алда-жалда ондай сорақылық орын алса, заң шеңберінде жазаланып қомамоладан шығатын. Ал қазіргі қоғамда заң жоқ. Барлығы солқыдақ. Люда өзінің кеңес заманының жарқын өкілі ретінде, бүгінгі жастарға көңілі көншімейтінін және оны айтуға толықтай құқы барын айта келіп, қолмен жазылған тілдей хатын бетімізге басқанда ұзын дәліздің қабырғасына іліп кетті. Алғашында қабырғада ілүлі тұрған хаттарды оқып, мырс етіп күліп өтіп кететінмін. Кейін дәліз қабырғасын жағалап Люданың өкпе-назға толы хаттарын оқу менің күнделікті әдетіме айналды. Мен оның әр хатын апалық газетті күткендей асыға күтетін болдым. Бірде ол кезекті хатында: "Үшінші қабаттың ұзын дәлізін көрдіңдер ме? Көрдіңдер ғой, көздерің шыққырлар, көрсендер сол дәліздің қабырғасын сырлаған мына мен - Людмила Андреевна. Сендердің тілдеріңде көрі қақбас Люда. Сендерді ұйқы



басып жатқанда, жетпіске таяған жасымда қабырғаны бір өзім сырлап шықтым. Бірсуң келіп жәрдемдескен жоқсыңдар! Не рақмет айтадыңдар! Алда-жалда біреуіңнің сол жерге темекі тұқылын тастап, не сарып не қабырғаны сызып бүлдіргендеріңді көрейін, менен жақсылық күтпендер, бәрінді қалдырмай тегіс пәтерден қуып шығаймын, сендер кезіндеп кеңес жастарыңдай мейірабан әрі меймандос емессіңдер! Сендер қатгез және өркөкірексіңдер! Сендердің замандарың да өздеріңнің пейілдерің секілді тар әрі қатгез", - деп хаттың төменгі жағына сойдақтатып қол қойыпты.

Люда хат жазған күні бөлмесінен шықпайтын. Тек келесі күні ғана бейне бір тентектік жасап, сазайын әбден тартқан беймаза баладай өкі көзі жүзетпеп, жүзін төменшіктетіп, әлдекімен қысықпандай, әлдекімен жәбір көргендей жуасып, еск алдында тарғыл мысығын әлділеп отыратын. Люданың сол кездегі бейнесі менің жанымды ауыратын еді.

Кейде мен Людам ділімді ашып сөйлесіп келетін. Мен оның жастық шағындағы фотосуреттерін көріп келетін. Ол да жас әрі сұлу болған шығар... Ал оның күйіуі Виталик қандай адам болды екен? Екеуі қалай танысты екен? Виталик оны шын сүйді ме? Люда қандай қызмет істеді екен, қай өлкеде тұрды, қай жерде тәрбиеленді, балалары болды ма? Мен кейде одан осының бәрін сұрағым келетін. Алайда Люда маған ештеңе айтпаса білетінім, оның айтары бізге нанымсыз ертегідей көрінетін. Асылында өзі солай ойлайтын еді.

Кейде Люда сондай мейірабан, әрі қамқор. Кейде соншалық мұңлы әрі жалғыз еді. Қыстың қысқа күндерінде ол бөлмесінен шықпайтын. Аула алдындағы орындықтар да қаңырап бос қалатын. Ондайда ешкіммен екітесіспейді. Ешкім ешкімнің есігін қақпайды. Біздің аулада бір бұйығы тыныштық орнаушы еді. Сонда мен көрші кемпірлерді ойлайтынмын. Соның ішінде Люда дәл қазір не істеп отыр екен деп ойлайтын болдым. Ол бөлмесінде не істеп отыр екен, ауырып қалмады ма екен? Бәлкім, ескі албомдарын ақтарып, жас уақытында түскен фотосуреттерін қадағалап, өткен шағын, сүйікті кеңес дәуірін сағынып отырған болар...

Әлде тарғыл мысығы Васямен сыбырай сөйлесіп, түбіт шәлісін жамылған қалпы "дәрісальшыған" жүректің дәрісін іздеп отырған болар... Бәлкім ол ақпанның жапалақтап жауған аптақ ақ ұлпаларына терезеден қарап, бір кіршіксіз бейдауа сағыныш құшағында қамалып, манаурап отырған болар, бәлкім, Люда тіпті де кеңес дәуірін емес, сол дәуірде қалған жастық жылдарың бақытты сәттерін сағынып отырған болар...

Бәлкім Люда тағы да жастарға, бүгінгі дәуірге кейістік танытып хат жазып отыр ма екен? Бірақ оның хатын бүгінгі дәуір оқымайтын еді, ол өз хатына ешқашан жауап алмайтын еді.

Сол күні 57 пәтерде тұратын студент ұлдар Люданың қабырғадағы кезекті хатын оқып ырғаң етіп күлді де, хаттың шетіне оттық тілігіп лап еткізіп өртеп жіберіп, "Сдохни, старуха" деп қабырғаны айыздап кеткен еді...

Жеудір Нартай.

Speed Breeding: Жеделдетілген селекция - азық-түлік тапшылығы мәселесін шешуге көмектеседі

Дүние жүзіндегі халық санының күрт өсуі өз кезегінде азық-түлікке деген сұраныстың артуына, сондай-ақ климаттың өзгеруі агроөнеркәсіптік кешеннің дамуына әсерін тигізуде.

Мұндай факторлар ғалымдар мен фермерлерді өнімді, тәзімді және бейімделген дәнді-дақыл сұрыптарын шығаруға міндеттеп отыр. Осы мақсатқа жетудегі ауылшаруашылығы ғылымдары саласындағы жаңалықтардың бірі – Speed Breeding деп аталатын жеделдетілген селекция әдісі. Бұл технология ауыл шаруашылығына түбегейлі өзгеріс әкелмек.

Speed Breeding – бұл өсімдіктердің өсуін және тұқым беруін айтарлықтай жеделдетуге мүмкіндік беретін озық өсіру әдісі. Жарық, температура және басқа да қоршаған орта факторларын мұқият бақылау арқылы ғалымдар өсімдіктердің даму үдерісін жеделдетіп, бір жылда дәстүрлі бір-екі ұрпақтың орнына алтыға дейін «ұрпақ» алу мүмкіндігі бар. Бұл әдіс алғашында NASA-ның ғарышта өсімдіктер өсіру тәжірибелеріне негізделіп жасалған. Қазір жылыжайларда және арнайы зертханаларда сәтті қолданылып келеді.

Дәстүрлі өсімдіктер селекциясы – ұзаққа созылатын үрдіс. Мысалы, бидайдың немесе арпаның жаңа сұрпын шығару 12–15 жылға дейін уақыт алса, Speed Breeding



жақсартуға да жағдай жасайды.

Speed Breeding әдісінде өсімдіктер күніне 22 сағатқа дейін жарық астында өсірілгендіктен ерте гүлдену мен тұқым беру үдерісін тездетеді. Ұзартылған жарық арнайы температура мен ылғалдылық жағдайларымен үйлестірілуі өте маңызды. Бұл әдіс әдетте

университеттің Биотехнология және экология F3И базасында іске асуда.

Бірлескен ғылыми зерттеу жобалары аясында біздің ғылыми топ аталған әдісті қолданумен бидай және арпа сияқты астық дақылдарының бейімделген, өнімді және сапалы жаңа сұрыптарын шығарудың селекциялы жұмыстарымен айналысуда.

Мәселен, Ғылым комитетімен қаржыландырылатын AP23488659 «Ортапық Азия бидайына толық геномды сканерлеу, автоматтандырылған фенотиптеу және интенсивті селекция әдістері арқылы құндылықтар қосу» тақырыбындағы ғылыми зерттеу гранты барысында Орта Азияның жаздық және күздік бидай сұрыптары коллекциясы жарты жылда екі рет өсіріліп, генетикалық стандартталды.

Сонымен қатар, BR24 99 29 03 -ОТ-24 «Экономикалық маңызды ауыл шаруашылығы дақылдарының селекциясына заманауи молекулалық-генетикалық, физиологиялық-биохимиялық, биотехнологиялық әдістерді және цифрлық фенотиптеуді практикалық енгізу» бағдарламалық-нысаналы



отындық ғылымды дамыту мақсатында теориялық және практикалық уоркшоптар ұйымдастыру арқылы өздерінің тәжірибелерімен бөлісуде. Осы орайда ғылым ордасында «Заманауи өсімдіктер шаруашылығының ғылыми негіздері», «Жеделдетілген селекцияны ауылшаруашылығы дақылдарын жақсартудың заманауи бағдарламаларында қолдану» тақырыптарына уоркшоп ұйымдастырылды. Оған «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы» F3И, «Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы» институты, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті сияқты еліміздің аграрлық саласының дамуына үлес қосып жүрген мекеме мамандары, болашақ агрономдар мен ғалымдар қатысты. Уоркшоп барысында Жетісу университетінің



бұл мерзімді екі есеге немесе одан да көп қысқартуға қауқарлы. Бұл дегеніміз – ауылшаруашылығына зиянкестерден, аурулардан және климаттық өзгерістерден келетін мәселелерге жылдам жауап қайтаруға үлкен

заманауи, толық бақыланатын ортада жүзеге асады. Алайда, дамушы елдерде де қолжетімді қарапайым нұсқалары зерттеліп жатыр, өйткені бұл өңірлерде азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі аса өзекті.



мүмкіндік тудырады. Жедел селекция (Speed Breeding) технологиясы құрғақшылыққа, ыстыққа және тұзды топыраққа төзімді дақылдар сұрыптарын жылдам шығаруда ерекше пайдалы. Сонымен қатар, маңыздысы азық-түлік өнімдерінің құнарлылығы, өнімділігін

Speed Breeding технологиясы қазірдің өзінде Аустралия, Ұлыбритания, Түркия және Пәкістан секілді елдердің жетекші аграрлық ғылыми орталықтарында қолданылады.

Маңыздысы, мұндай озық технология Орта Азия бойынша бірінші болып Жетісу



қаржыландыру шеңберінде де Speed Breeding технологиясы ксннн қолданылып мындаған селекциялы генетикалық ресурстар жеделдетіліп даярлану үстінде. Аталған маңызды генетикалық ресурстар еліміздің ғана емес жаһандық бидай селекциясын жақсартуға таптырмас құрал болары сөзсіз. Егер жоғарыда келтірілген ғылыми міндеттер тек дәстүрлі селекциялық әдістерді қолданып далалық жағдайда жасалғанда, кем дегенде 6-8 жыл мерзімді қажет етер еді. Ауыл шаруашылығы табиғи-климаттық жағдайларға тәуелді болып отырғанда, Speed Breeding сияқты инновациялық шешіммен көп өнімді аз уақытта, аз ресурспен алуға болады.

Қазіргі таңда, Жетісу университетінің ғалымдары Speed Breeding технологиясын тең меңгеріп қана қоймай, шетелдік және

Орта Азияда бағамасы жоқ селекциялық процесстерді жеделдетуге арналған «Speed Breeding» платформасы, онда жасалып жатқан ғылыми зерттеулер және жұмыс протоколдары көрсетілді. Біз өз тәжірибемізбен бөлісуге қашанда даярмыз.

Осы тұста Speed Breeding – ауыл шаруашылығының болашағын кешенді дамытуда қолданылатын аса маңызды құрал екенін айтқым келеді. Ғылыми зерттеулерге мемлекет тарапынан қолдау жалғасса, бұл технология көмегімен ауыл шаруашылығын түбегейлі өзгертіп, тіпті жаһандық азық-түлік тапшылығы мәселесін шешуге болады.

Қанат ЕРМЕКБАЕВ,
Молекулалық генетика және
геномика зертханасының меңгерушісі

БОЛАШАҚҚА СЫЙЛАЙМЫН ЖАРЫҚ СӘУЛЕ, ҚОЛЫМА БІЛІМ АТТЫ ШЫРАҚ АЛЫП!



Жарқын елдің болашағы – жас маман



Бикен Римова атындағы Талдықорған драма театрының қоң салы сәтін күн қатарынан көрерменге лық толы болды. Жүздері бал-бұл жанған түлектер мен ата-аналар, олардың ет жақындары шексіз қуанышқа бөленген шатшадыман, салтанатты шара өз мәресіне жетті.

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетін биыл 1044 түлек бітіріп үлкен өмірге жолдама алды. Ал 113 түлек үздік диплом иегері атанса, 360 білім алушы магистр академиялық дәрежесін алып отыр.

Салтанатты шараға облыс әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев, Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Жетісу облысы бойынша департаментінің басшысы Манап Қобылаң, Жетісу облыстық мәслихатының төрағасы Гүлнар Тойлыбаева, Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Жеңіс Андабеков, Жетісу облысының Әдеп жөніндегі уәкілі Рабит Тұрсынбай, облыстық ТЖД басшысы Нұрлан Бекбосынов, Қазақстанның құрметті журналисі Әміре Әріп, Қоғамдық даму басқармасының басшысы Бауыржан Абибеков, аудан әкімдері мен облыстық, қалалық білім бөлімінің басшылары қатысып, түлектерге сәт-сапар тіледі.

Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы

Ермек Келемсейіт сахна төріне шығып жаңа өмірге қадам басқан жас мамандарға ақ батасын берді.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Басқарма төрағасы – ректор Ерік Берібас түлектер мен олардың ата-аналарың жақындарын айтулы күнмен құттықтап ізгі тілегін жеткізді.

«Білімді маман – ел болашағының тірегі, қоғам дамуының қозғаушы күші. Сондықтан бүгінгі жастарға артар үміт пен сенім мол. Қай салада еңбек етсеңіздер де кәсіби біліктілікпен қатар жауапкершілік, адалдық сияқты асыл қасиеттерден алыстамаңыздар. Алдағы өмір жолдарыңыз жарқын болсын! Құрметті ата-аналар мен оқытушылар, бүгінгі қуаныш – сіздердің де еңбектеріңіздің жемісі. Өздеріңізге алғыс білдіре отырып, зор денсаулық пен табыс тілеймін», – деді Ермек Берібаев.

Салтанат құрған сәтті күнде университеттің қоғамдық өміріне белсене араласқан түлектер де атаусыз қалмады. Өмірлеріне «Белсенді қоғамдық қызметі үшін» медалін тағып, Алғыс хаттармен марапатталды.



ҚҰРЫЛТАЙШЫ: І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ

- Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникация министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 2018 жылғы 27 қарашада тіркеліп, №17378-Г куәлігі берілген.
- «Жетісу университеті» газеті Байланыс және Имидждік саясат орталығында теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Газет айына бір рет шығады.
- Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай Батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы - Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жансүгіров көшесі, 187 а.
Байланыс телефоны: 12-00

Индекс 64568
Тапсырыс №781
Таралым 2000 дана

Бас редактор: Б. Шаянбаева
Редактор: А.Иебекова
Дизайнер: Б.Таубалды